

Қымбат металдармен және асыл тастармен, сондай-ақ олардан жасалған бұйымдармен жүргізілетін операциялар туралы ережелерді бекіту жөнінде

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 7 қыркүйек 1994 ж. N 1004. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1198 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қымбат металдармен және асыл тастармен, сондай-ақ олардан жасалған бұйымдармен жүргізілетін операциялар туралы қоса беріліп отырған Ережелер бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары екі айлық мерзім ішінде ведомстволық шешімдерді осы қаулымен бекітілген Ережелерге сәйкестендірсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволарының қатысуымен екі айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік актілерге осы қаулыдан туындайтын өзгерістерді енгізу туралы ұсыныстар дайындап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 7 қыркүйектегі
N 1004 қаулысымен
Бекітілген

Қымбат металдармен және асыл тастармен, сондай-ақ олардан жасалған бұйымдармен жүргізілетін операциялар туралы

Ережелер <*>

Ескерту. Бұл Ережелердің күші Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі бекіткен тиісті ережелер мен Ұлттық Банктің нормативтік құжаттарын басшылыққа алатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасына қолданылмайды.

I. Жалпы ережелер

1. Бұл Ережелер "Алтын қоры мен алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да заң және нормативтік актілеріне сәйкес жасалды және қымбат металдарды, олардың тұздарын, балқымалары мен басқа да қоспаларын, асыл тастарды алудың, жұмсаудың, есепке алудың, сақтаудың, тасымалдаудың, олардың сынықтары мен қалдықтарын жинау мен өткізудің тәртібін, сондай-ақ Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын белгілейді.

Бұл Ережелер синтетикалық және жасанды алмастарды, зүбәржаттарды, корундтарды, сондай-ақ олардан жасалған ұнтақтар мен аспаптарды пайдалануға байланысты операциялар мен процестерге қолданылмайды.

2. Шикізат, жартылай шикізат, балқыма, тұздар, ерітінділер түріндегі қымбат металдармен және асыл тастармен, қымбат металдар мен асыл тастардың аяқталмаған өнімімен, дайын бұйымдарымен, құрамында қымбат металдар мен асыл тастар бар материалдармен, аспаптармен, жабдықтармен, приборлармен, бөлшектермен, тораптармен, сондай-ақ сынықтар мен қалдықтардың барлық түрлерімен заңдарда рұқсат берілген кез келген операциялар жүргізетін барлық меншік нысанындағы және бағыныстағы шаруашылық жүргізуші субъектілер, оның ішінде Қорғаныс министрлігінің бөлімшелері, кедендер, ломбардтар, сондай-ақ жеке адамдар осы Ережелермен белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

3. Министрліктер, ведомстволар, корпорациялар, компаниялар, кәсіпорындар өз жұмыс ерекшеліктерін ескере отырып, осы Ережелердің негізгі қағидаларына сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемлекеттік сынақ қадағалау инспекциясының, "Алтын алмас" ұлттық акционерлік компаниясының, ішкі істер органдары жанындағы күзет бөлімшелерінің (тиісті бағыттар бойынша) келісуімен қымбат металдар мен асыл тастарды алудың, жұмсаудың, есепке алу мен сақтаудың тәртібі жөнінде өз нұсқамаларын әзірлеп, бекітеді.

4. Қымбат металдармен және асыл тастармен операциялар жүргізетін барлық заңды ұйымдар мен жеке адамдар:

а) өздері орналасқан жерде тіркеліп, қымбат металдар мен асыл тастарды пайдалануға байланысты қызмет құқығына лицензия алуға міндетті.

Шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеу - белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Лицензиялар беру тәртібі "Қазақстан Республикасында бағалы металдар, асыл тастар мен олардан жасалатын бұйымдар өндіруге, өңдеуге және сатуға байланысты қызметті реттеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1992 ж., N 8, 213-бап) 1992 жылғы 7 мамырдағы N 1311 қаулысымен бекітілген арнайы ережемен реттеледі.

Меншіктің барлық нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерге лицензиялар бойынша қымбат металдар мен асыл тастарды заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында одан әрі өңдеу және сату үшін алып келуге рұқсат етіледі.

Қымбат металдар мен асыл тастардың, құрамында қымбат металдар мен асыл тастар бар бұйымдар мен материалдардың экспорты мен импорты заңдарда белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі;

б) қымбат металдардың, асыл тастар мен олардың қалдықтарының сақталуын қамтамасыз етуге, олардың келіп түсуінің, жұмсалыуының және қалдықтарының толық және анық есебін жүргізуге, белгіленген мерзімде барлық сақталу орындарында және тікелей өндірісте аталған құндылықтарға түгендеу жүргізуге, осы түгендеудің нәтижелерін дер кезінде есепте көрсетіп отыруға міндетті;

в) қымбат металдар мен асыл тастарды қатаң үнемдеуге және олардың келіп түсуі, жұмсалыуы мен қалдықтары туралы есеп-қисапты жасау мен берудің белгіленген тәртібін сақтауға міндетті;

г) қымбат металдар мен асыл тастардың сынықтары мен қалдықтарының барлық түрін толық жинауды және алдын ала өңдеуді, оларды ұқсатушы кәсіпорындарға дер кезінде өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

5. Қымбат металдарды, асыл тастарды және құрамында осылар бар өнімдерді, материалдар мен бұйымдарды өндіретін, алатын, шығаратын, ұқсататын немесе сақтайтын кәсіпорындар, цехтар, учаскелер мен объектілер қымбат металдар мен асыл тастардың аман сақталуын, толық алынуы мен технологиялық шығындардың мейлінше аз болуын қамтамасыз ететін арнаулы ұйымдық және инженерлік-техникалық шаралар орындалған жағдайда ғана пайдалануға беріледі.

6. Құрамында қымбат металдар немесе асыл тастар бар сатылатын шикізатты өңдеу - шикізат беріп тұрушы кәсіпорындар мен тұтынушылар арасында жасалатын шарттарға (контрактілерге) сәйкес жүргізіледі.

Шарттар жасау тәртібі мен олардың орындалуына байланысты мәселелер "Өнім беріп тұру жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 19 маусымдағы N 536 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 24, 374-бап) бекітілген өнім беріп тұру туралы Ережемен, кейінгі өзгертулерімен және толықтырулармен қосар е т т е л е д і .

7. Қымбат металдармен және асыл тастармен жүргізілетін операцияларға немесе өзге іс-әрекеттерге тікелей қатысатын кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіппен материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасалады.

8. Қымбат металдар, асыл тастар мен олардан жасалған бұйымдардың,

оларды өндірудің, ұқсатудың, қалдықтарын жинау мен тапсырудың, сақтау мен тасымалдаудың барлық кезеңінде аман сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарға басшылық жасауды кәсіпорын басшылары режим және күзет жөніндегі өздерінің орынбасарлары немесе бұйрықпен тағайындалған адамдар арқылы жүзеге асырады.

Технологиялық режимдердің сақталуы жөніндегі жауапкершілік бас инженерлер мен бас мамандарға, цехтар мен объектілердің, учаскелердің басшыларына, ауысым бастықтарына және учаске мастерлеріне, сондай-ақ өндіріс процесінде қымбат металдар мен асыл тастар пайдаланылатын технологиялық операцияларды тікелей орындаушыларға жүктеледі.

Осы адамдар табиғи зілзала апаттары немесе өздеріне байланысты емес себептерден басқа жағдайларда шығындардың белгіленген нормативтерден асып кеткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

9. Қымбат металдармен және асыл тастармен жасалатын операцияларға мемлекеттік бақылау мен қадағалау жасайтын органдардың ("Алтын қоры мен алмас қоры туралы" заңның 14-бабы), Қазақстан Республикасы Прокуратурасының, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ұлттық Банкінің Мемлекеттік сынақ қадағалау инспекциясының өкілдері қымбат металдарды, олардың тұздарын, балқымаларын, басқа қоспалары мен асыл тастарды өндіру, алу, шығару, ұқсату, қолдану, пайдалану, олардың сынықтары мен қалдықтарын жинау және өткізу, беру, босату, есепке алу, тасымалдау мен сақтау мәселелері бойынша меншік нысандары мен бағыныстылығына қарамастан барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысын тексеріп отырады.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың, учаскелер мен технологиялық қайта өңдеу, Қорғаныс министрлігінің бөлімдері мен бөлімшелерінің, кедендердің, ломбардтардың және т.б. басшылары аталған өкілдердің қарауына қымбат металдармен және асыл тастармен істелетін жұмыстың барлық салалары бойынша жоспарлау, техникалық, есеп беру және есепке алу құжаттамасының (бастапқысын қоса) барлық түрін бөгетсіз беріп, олардың режимдік бөлімшелерге қызмет куәліктері арқылы киім ауыстырмай және тексеріссіз кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

II. Қымбат металдар мен асыл тастарды алу тәртібі

10. Қымбат металдар мен асыл тастар бір орталықтан бөлінетін және лимиттелетін материалдық ресурстарға жатады.

11. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасынан қымбат металдар мен асыл тастарды босату тәртібі "Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкінің Мемлекеттік қоймасындағы қымбат

металдар мен асыл тастарды бөлу және пайдалану тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Төралқасының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1992 ж., N 8, 200-бап) 1992 жылғы 13 сәуірдегі N 1283 қаулысымен бекітілген Ережесімен белгіленеді.

Тұтынушылардың қымбат металдар мен асыл тастарды алуына Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісім, Экономика министрлігінің ұсыныстары негізінде жасалған барлық меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерге қымбат металдар мен асыл тастарды босату жөніндегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы негіз болып т а б ы л а д ы .

12. Барлық меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер қымбат металдар мен асыл тастарды, олардың тұздарын, ерітінділерін, балқымалары мен басқа қоспаларын тұтынудың көлемін Қазақстан Республикасы Экономика министрлігімен келіседі және жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасы Экономика министрлігіне қымбат металдарға, олардың тұздарына, балқымаларына, басқа қоспаларына және асыл тастарға тапсырыстар, сондай-ақ сынықтардың, қалдықтардың, рекуператтардың пайда болуының барлық көздерін ескере отырып, оларды қайта өңдеуге қайтару жөнінде толық есеп тапсырады.

Жоспарланып отырған жылдың 1 наурызына дейін шаруашылық жүргізуші субъектілер Экономика министрлігіне санақ немесе түгендеу нәтижелері бойынша қымбат металдардың, олардың тұздарына, балқымаларына, басқа қоспаларына және асыл тастардың жыл басындағы нақты қалдықтарын ескере отырып, оларға деген қажеттілік пен мұқтаждықтың нақтыланған есеп-қисабы мен ерекшелігі туралы сипаттаманы тапсырады.

13. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі қымбат металдар мен асыл тастарды босату, оларды сынықтар мен қалдықтар түрінде қайтару лимитін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткеннен кейін бір ай мерзім ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілерге жоспарланып отырған жылға әр тоқсанға жіктеп, олардың қарамағына босатылған қымбат металдар мен асыл тастардың және оларды қалдықтар түрінде қайтарудың мөлшерін бөлу туралы хабарлама жібереді.

14. Өздеріне бөлінген қымбат металдар мен асыл тастардың мөлшері туралы хабарламалар алғаннан кейін шаруашылық жүргізуші субъектілер Қазақстан Республикасының өндіруші-зауыттарымен қымбат металдардан өздеріне қажетті өнімдер жасап шығару жөнінде немесе республикада қажетті өндірістік қуаттар болмаған және осы мәселе бойынша үкіметаралық уағдаластықтар болған жағдайда шетелдегі өңдеуші-кәсіпорындар мен шарттар жасасады.

15. Қымбат металдар мен асыл тастарды Мемлекеттік құндылықтар

қоймасынан босату Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне олардың құнын алдын-ала төлегеннен кейін жүзеге асырылады. Үстіміздегі жылы берілетін құндылықтар үшін ақы төлеудің шекті мерзімі 10 желтоқсан, ал оларды берудің шекті мерзімі - 25 желтоқсан.

16. Барлық меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қымбат металдар мен асыл тастарды жұмсауы, шығынның қатаң белгіленген мақсаттарға (өнім шығару, зерттеу жүргізу және басқа жұмыстарға) бекітілген қажеттіліктің белгіленген нормаларының шегінде жүргізілуге тиіс.

17. Қымбат металдар жұмсаудың нормаларын "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының келісімімен министрліктердің, ведомстволардың, корпорациялардың және т.б. басшылары, ал оларды сынықтар мен қалдықтар түрінде қайтару нормаларын "Алтыналмас" ұлттық акционерлік компаниясы бекітеді.

Қымбат металдар жұмсаудың жиынтық нормалары бұйымдарға, қалдықтар мен залалға кететін шығынды көрсетіп, таза металға шаққанда өнім өлшеміне граммен бекітілуге тиіс.

18. Шығарылатын өнімге арналған жиынтық нормалардың құрамына енетін қымбат металдар мен асыл тастарды жұмсаудың әрбір бөлшек пен әрбір операцияға қажет нормалары тиісті цехтарға, учаскелерге, лабораторияларға, жұмыс орындарына, ал бухгалтерияға - осы өнімге арналған жиынтық жұмсау нормалары да дер кезінде хабарлануға тиіс.

19. Қымбат металдарды ұтымды пайдалану мақсатында қымбат металдардың ластанбаған қалдықтарынан (бөлінді, жоңқа, кесінді және т.б.) қажетті шала өнімдер жасау және оларды өздерінің өндірісінде тиімді пайдалану үшін оларды өнім шығаруға пайдалануға болады.

Мұндай қалдықтар қайталама шикізат ретінде қарастырылады және жұмсау нормаларынан алып тасталуға тиіс.

20. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы бойынша алынған қымбат металдар мен асыл тастарды өз сұраныстары бойынша өткізілген құндылықтардан басқа жағдайларда өзге шаруашылық жүргізуші субъектілерге беруге, сондай-ақ қымбат металдар мен асыл тастар қорларын тысқары ұйымдардың сұраныстарын орындау мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

Қымбат металдар мен асыл тастардың пайдаланылмаған қалдықтары статистикалық есеп беруде көрініс тауып, келесі жылға бөлінген қорлардың есеп-шотында көрсетіледі, ал шаруашылық жүргізуші субъект таратылған немесе қайта құрылған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасына өткізілуге тиіс.

21. Қымбат металдар мен асыл тастарды ұтымды және үнемді

пайдаланбағаны үшін тиісті жеке адамға немесе кәсіпорын, мекеме яки ұйым басшысына, сондай-ақ қымбат металдар мен асыл тастар қолданатын тиісті цехтардың, бөлімдердің, лабораториялардың басшыларына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

III. Қымбат металдар мен асыл тастар қалдықтарын жинау және тапсыру

22. Барлық меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер қымбат металдар мен асыл тастарды алудың барлық көздерінен пайда болған сынықтар мен қалдықтардың (дайын алмас бұйымдарымен қоса) барлық түрінің өнімдерін қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындауға тиіс.

23. Экономика министрлігіне "Алтыналмас" ұлттық акционерлік компаниясының келісімімен жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілердің қымбат металдарды нақты жұмсауын ескере отырып, қымбат металдарды сынықтар мен қалдықтар түрінде тапсырудың жылдық жоспарына ішінара өзгерістер енгізу құқығы беріледі.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер жылдық жоспарды өзгерту туралы ұсыныстарды тиісті есеп-қисаптармен бірге есепті кезең аяқталған соң 25 күннен к е ш і к т і р м е й т а п с ы р а д ы .

24. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер қымбат металдарды, асыл тастарды немесе құрамында осылар бар материалдарды пайдаланатын жұмыс орындарын тиісті қорғау құралдарымен (сүзгіштермен, шаң-тозаң аулағыштармен, қаптамалармен, тұндырмалармен, тосқауыл қалқандармен және басқалармен), сондай-ақ қалдықтарды толық жинап алуды, ысырапты азайтуды және қымбат металдар мен асыл тастарды аман сақтауды қамтамасыз ететін ыдыстың қажетті мөлшерімен (жәшіктермен, бөшкелермен, шөлмектермен және т.б.) жабдықтауға міндетті.

Құрамында пайдаланылған фотопластинқаға түсірілген суретті сақтау үшін қолданылатын химиялық ерітінді мен сақталған күмісі бар және басқа да ерітінділерді төгіп тастауға, кинофотоматериалдарды жоюға немесе өртеп жіберуге, сондай-ақ құрамындағы қымбат металдарды алдын-ала бөліп алмаған басқа да материалдар мен приборларды жоюға тыйым салынады.

25. Қымбат металдардың сынықтары мен қалдықтарын алдын-ала өңдеу, оларды дайындаушыларға жөнелту, сондай-ақ сынықтар мен қалдықтар құрамындағы қымбат металдар үшін есеп айырысу "Ішінде бағалы металдар бар қайталама ресурстар мен қалдықтарды жинау мен ұқсатуды ұйымдастыру туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 33, 506-бап) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 тамыздағы N 703 қаулысымен бекітілген ережеге сәйкес жүргізіледі.

26. Қайталама қымбат металдарды өңдеу және алмас бұйымдарын қайта алу

республиканың немесе басқа республикалардың мамандандырылған кәсіпорындарында міндетті түрдегі берме шартымен бөліп алынған қымбат металдарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасына тапсыру немесе қымбат металдардан алынған өнімді республикаға қайтару жолымен жүргізіледі.

27. Қымбат металдардың қалдықтарын толық жинап алу және оларды өңдеуге тапсыруды қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес кәсіпорын басшысына, бас есепшіге, сондай-ақ қымбат металдарды барлық түрінде жұмсайтын бөлімдер, цехтар басшыларына жүктеледі.

IV. Қымбат металдар мен асыл тастарды сақтау және оларды тасымалдау

28. Қымбат металдар мен асыл тастарды, сондай-ақ құрамында осылар бар бұйымдарды, материалдарды, сынықтар мен қалдықтарды сақтау - олардың барлық сақтау, пайдалану, қажетке жарату, тасымалдау орындарында талан-таражаға түсуден, өртенуден, табиғи зілзаладан, бұзылудан толық аман сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

29. Оңай жолмен алынатын қымбат металдармен немесе құрамында 5 проценттен астам қымбат металдар бар өнімдермен операциялар жасалатын барлық үй-жайлар режимдік үй-жайлар болып табылады. Осындай объектілердің тізбесін, сандық құрамын және күзет түрін, сондай-ақ инженерлік-техникалық қорғау құралдарын жергілікті ішкі істер органдарының өкілдері қатысатын кәсіпорын басшысы немесе оның режим және күзет жөніндегі орынбасары, күзет бөлімшесінің бастығы (командирі) және кәсіпорынның, ұйымның бірінші бөлімінің бастығы құрамындағы комиссия айқындайды.

30. Қымбат металдар мен асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды сақтау осы заманғы техникалық күзет құралдарымен арнайы жабдықталған үй-жайларда материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасалған материалдық жауапкершілік жүктелген адамдардың басшылығымен жүзеге асырылады.

Материалдық жауапкершілік жүктелген жұмыстарда пасықтық қылмыстары үшін сотталған адамдарды, сондай-ақ сот үкімі бойынша белгілі бір қызметтерді атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

31. Қымбат металдар мен асыл тастар отқа жанбайтын шкафтарда, темір жәшіктерде немесе сейфтерде сақталуға тиіс, олардың есігі кілттеліп, мөрленуге тиіс. Қажет болуына қарай олар материалдық жауапкершілік жүктелген адамның, ал ол жоқта кәсіпорын басшысының рұқсатымен комиссияның қатысуымен

ашылады. Қымбат металдар, асыл тастар, сынықтар мен қалдықтар, оның ішінде тозған тораптар, бөлшектер, сондай-ақ отқа жанбайтын шкафтар, темір жәшіктер, сейфтер сақталатын қоймалар жұмыс күні аяқталған соң құлыпталып, мөрленуге тиіс. Цехтардың, учаскелердің және барлық сақтау орындарының кілттері жұмыс аяқталған соң мөрленген күйінде қолхатпен күзетке тапсырылады.

32. Сақтау орындарынан қымбат металдар мен асыл тастарды босату кәсіпорын басшысының, бас (аға) есепшінің және тиісті материалдық жауапты адамның рұқсатымен жүзеге асырылады.

33. Жұмыстарды орындаушыға жазып берілген қымбат металдар мен асыл тастар жеке құлыпталатын жәшікте сақталуға тиіс. Жұмыс күні аяқталған соң қымбат металдар мен асыл тастар салынған осы жәшік мөрленген күйінде қоймаға немесе сейфке тапсырылады. Өндірістік үй-жайлардағы ашық сөрелерге қойылған қымбат металдар мен асыл тастарды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

34. Қымбат металдарды таза немесе байытылған күйінде қабылдауға, беруге, алуға, өңдеуге және жұмсауға байланысты барлық операцияларды комиссия жүргізеді.

35. Жабдықтың, аспаптың құрамдас бөлігі болып табылатын қымбат металдар мен асыл тастар, сондай-ақ құрамында қымбат металдар бар тұздар мен қышқылдар отқа жанбайтын шкафтарда, сейфтерде немесе темір жәшіктерде сақтау мүмкін болмаған жағдайда өндірістік үй-жайларда немесе материалдар яки химиялық реактивтер қоймаларында сақталуы мүмкін.

36. Қымбат металдар мен асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар қабылданатын және босатылатын барлық қоймалар мен көмбелер таразылармен және басқа да өлшеуіш приборлармен қамтамасыз етіледі. Таразылар мен кірлердің мемлекеттік уәкілдің уақытысында тексерілгені туралы куәлігі болуға тиіс.

Қымбат металдар, өнімдер, шикізаттар, сынықтар және қалдықтар метрологиялық дәлдіктерді төмендегідей мөлшерлерге сай келетін таразыларда өлшенуге тиіс:

200 грамға дейін тартатын таразыларда - мемлекеттік стандарты 2 кластық 24104-88 Е дәлдігімен;

200 грамнан артық тартатын таразыларда - мемлекеттік стандарты 3 кластық 24104-88 Е дәлдігімен.

Қолданылатын таразылардағы таразылау дәлдігінің кемшілігі 24104-88 Е мемлекеттік стандарты бойынша көрсетілген мүмкіндіктен артық ауытқымауға тиіс.

Құрамында 5 проценттен аз қымбат металдар бар өндіріс заттарын,

шикізаттарды, сынықтар мен қалдықтарды таразылау - өлшенетін массаның $\pm 0,05$ процентіне тең болатын таразыларды өлшенуге тиіс.

Асыл тастар 1000 каратқа дейінгі массада - 0,01 карат, 1000 караттан астам массада - 0,05 карат дәлдікпен арнаулы немесе талдама таразыларда өлшенуге тиіс.

Қымбат металдар мен асыл тастарды өлшеуде жіберілген артық-кем алшақтық есеп-қисап құжаттарында көрсетіледі. Таразылау дәлдігі мөлшерінде артық кеткен алшақтық - кіріске алынып, кемдік - өндірістік шығындар есебіне жатқызылады.

37. Қымбат металдар мен асыл тастар және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдауды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің арнаулы байланысы арқылы немесе аман сақталуына кепілдік беретін күзеттің бас-көз болуымен арнаулы көлік арқылы кәсіпорын қызметкерлері жүзеге асыруға тиіс.

38. Құрамындағы қымбат металдар 5 проценттен аз материалдарды тасымалдау - жөнелтілген материалдардың құны бағаланып<*>, почта сәлемдемелерімен, темір жол немесе көліктің басқа түрі арқылы жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. Бұл бап құрамында қымбат металдары бар темірлер мен концентраттарды тасымалдауда қолданылмайды.

39. Қымбат металдар мен асыл тастарды сақтау ережесін бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес басшыға, директордың режим жөніндегі орынбасарына, сондай-ақ цехтардың, бөлімдердің, лабораториялардың, учаскелердің т.б. жетекшілеріне жүктеледі.

V. Қымбат металдар мен асыл тастарды есепке алу

40. Қымбат металдар мен асыл тастар өндіретін, өңдейтін, жұмсайтын және олардың қалдықтарын жинайтын және ұқсататын, сондай-ақ оларды қабылдаумен, алумен, сақтаумен және өткізумен айналысатын барлық меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерде (кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда, жеке адамдарда) қымбат металдар мен асыл тастардың барлық ұқсату істері мен операцияларындағы қозғалысына, аман сақталуына, тиімді түрде алынуына және бекітілген нормалар мен мақсатты міндеті бойынша қажеттіліктер шеңберінде жұмсалыуына қатаң бақылау жасауды қамтамасыз ететін олардың бухгалтерлік және жедел есебі ұйымдастырылуға тиіс.

41. Жедел есеп кәсіпорындардағы компьютерлендірілген және механикаландырылған есеп құралдары арқылы журналдарда, карточкаларда,

дискеттерде және басқа құжаттарда жүргізіледі. Есепті жүргізу әдістерін шаруашылық жүргізуші субъектілер өндірісті ұйымдастырудың жергілікті жағдайлары мен технологиялық процестердің ерекшеліктеріне қарай жасайды. Барлық сақтау, өңдеу және жұмсау орындары бойынша қымбат металдар мен асыл тастарды, шикізат түрлеріне қарай сынықтар мен қалдықтардың, шала өнімдердің, құрамында осылар бар бұйымдардың қозғалыс маршруттары мен тәртібі жасалады және бекітіледі.

42. Бастапқы құжаттар: ілеспе қағаздар, актілер, талаптамалар, лимит карталары, есеп берулер негізінде кәсіпорын бухгалтериясы қымбат металдар мен асыл тастар сақталатын, өңделетін немесе пайдаланылатын орындарда механикаландырылған есеп құралдарын пайдалана отырып, әрбір материалдық жауапты адамға байланысты таза күйіндегі грамм салмақпен алғанда әрбір металдың түрі немесе қаратпен алғанда асыл тастар бойынша олардың қозғалысының айналыс ведомостарын жасайды.

Қажет болған жағдайда қымбат металдардың есебін лигатуралық салмақта (өнімдердің: күйма, тұз, қышқыл және басқалардың жалпы салмағында) қаз-қатар жүргізуге болады.

43. Қымбат металдар мен асыл тастарды сақталу /қоймаларда, көмбелерде және басқа жерлерде/ және пайдалану орындарында есепке алу бір үлгідегі ведомствоаралық әдістердегі /қойма есебі карточкалары, сорттық есеп кітаптары, журналдар және т.б./ қатаң есеппен берілетін есеп құжаттары немесе дискеттер арқылы жүргізіледі, олар бухгалтерияда тіркеліп, материалдық жауапты адамдарға қол қойғызылып беріледі.

Қымбат металдар мен асыл тастар есебін жүргізу үшін пайдаланылатын кітаптар, журналдар және т.б. алдын-ала нөмірленуге, тігілуге, басшылардың қолы қойылып, мөрленуге тиіс.

Есеп есепке алынатын құндылықтардың барлық реквизиттері: атауы, мөлшері, құрамы, партия нөмірі, лигатуралық және таза салмағы, т.б. көрсетіліп, әрбір номенклатуралық-есепке алу айқындамасы бойынша жүргізіледі.

44. Зергерлік немесе басқа бұйымдар жасайтын кәсіпорындарда жедел есепке алу барлық кезеңдердегі қозғалысы кезінде және дайын өнім күйінде келіп түскен немесе жасалу сәтінен бастап атаулары, түрлері, бедерлеу нысандары және басқа да өлшемдері, бойынша қымбат металдар мен асыл тастардың данасы мен массасының жалпы мөлшерін көрсетуді көздеуге тиісті.

45. Барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер жабдықтардың, бұйымдардың, материалдардың және өндірістік, шаруашылық қызметте пайдаланылатын басқа өнімдердің құрамында бар қымбат металдардың алғашқы есебін /баланс жасау алдындағы есепті/ бастапқы үлгілік ведомствоаралық әдістерін немесе механикаландырылған есеп құралдарын пайдаланып жүргізуге

м і н д е т т і .

Деректер есеп құжаттарына 2.608-78 мемлекеттік стандартына сәйкес технологиялық құжаттамаларда /төлқұжаттар, нұсқамаларда, жапсырма қағаздарда/ көрсетілген мәліметтер негізінде, немесе бұл мәліметтер болмаған жағдайда /шетелдік, ескірген жабдық/ комиссиясының қатысуымен ұқсас өнімдер принципіне орай жасақталу тізбесі бойынша немесе өндіруші-зауыттарға сұрау салу арқылы жазылады.

46. Кәсіпорынға келіп түскен құндылықтары бар сәлемдемелер сол күні журналға тіркеледі. Кәсіпорынға келетін құндылықтар салынған сәлемдемелерді тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қатысуымен материалдық жауапты адам ашады. Бұл орайда қымбат металдардың массасы, құрамы және сапасы айқындалады. Құндылықтарды қабылдау актімен хатталып, онда қабылданып отырған құндылықтардың және жіберушінің барлық реквизиттері көрсетіледі /массасы мен сапасы цифрлармен және жазбаша көрсетіледі/.

Егер қымбат металдар мен асыл тастардың нақты массасын анықтау мүмкін болмаса, ол қабылдау актілерінде төлқұжаттардың және басқа қабылдау құжаттарының негізінде көрсетіледі.

Қабылдау құжаттарында материалдық жауапты адамның: "Жоғарыда аталған барлық құндылықтар комиссияның қатысуымен тексеріліп, мен оларды жауапкершілікпен сақтауға қабылдап алдым", - деген жазуы болуға тиіс. Материалдық жауапты адамның жазуы комиссия мүшелерінің қолымен к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

47. Кассалардан, қоймалардан және басқа да орталық сақталу орындарынан қымбат металдар мен асыл тастарды, осылар құрамында бар өнімдерді, шикізаттарды, бұйымдарды кәсіпорындардың жекелеген бөлімдерінің сақтау орындарына (цехтар, лабораториялар, учаскелер) босату - кәсіпорын басшылығы мен бухгалтериясының рұқсат қолдары қойылған құжаттар: талаптамалар, лимит карталары бойынша жүргізіледі.

Бұл құжаттардағы құндылықтардың саны мен массасы цифрлармен және жазбаша көрсетіледі. Қымбат металдар мен асыл тастарды, осылар құрамында бар бұйымдар мен қалдықтарды бөлімдер мен есеп беруші адамдар арасында өткізу - құндылықтардың саны мен массасы цифрлармен және жазбаша көрсетілген қабылдау-өткізу құжаттары толтырылған жағдайды сақтау орындары арқылы ғана жүргізіледі.

48. Жедел есеп деректерінің негізінде әрбір өңдеу ісі мен жұмыс түріне қымбат металдар мен асыл тастардың нақты өңделуі немесе жұмсалуды туралы нормативтік өлшемдердің шығын көздеріндегі баптар бойынша: "барлығы", "соның ішінде бұйымдарға", "қалдықтар мен шығындарға" - салыстыру нәтижелері (үнемдеу, артық жұмсау) бөліп көрсетіліп, есеп-қисаптар жүргізіледі.

Нақты шығындар жұмыс атқарушыға берілген қымбат металдар мөлшерінің және жасалған өнім мен пайда болған қалдықтардың массасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Есептерді бөлімше басшысы немесе ол өкілеттік берген адам жасап, оларға кәсіпорынның бас технологы немесе оның орынбасары қол қояды. Есептерде шикізаттың, өнімдердің, аяқталмаған өндірістің, қылдықтардың қозғалысы көрсетілуге тиіс. Нақты шығынның нормативтік шығыннан ауытқуы болған жағдайда есепке ауытқу себептері туралы түсініктемелер тіркелуге тиіс.

Есептер жасаудың мерзім аралығы салалық нұсқамалармен, олар болмаған жағдайда тоқсанынан бір реттен кем емес болып белгіленеді.

49. Өндіріс процесінде пайдаланылған қымбат металдар мен асыл тастарды есептен шығару олардың өнім шығарудағы немесе бөлшектер, тораптар жасаудағы, өнім жинақтаудағы, жөндеу қажеттеріндегі нақты шығындары бойынша бекітілген шығын мөлшері көлемінде жүзеге асырылады.

Бөлшектер, бұйымдар жасауға жұмсалған өлшеуге болатын қымбат металдар өздері жасалған жартылай шикізаттар бойынша (таспа, жолақ, сым және өзгелері) шығын ретінде есептен шығарылып, тиісті бұйымдар мен бөлшектердің өлшемдері бойынша кіріске алынады.

Жөндеу қажеттеріне және тәжірибелік ғылыми-зерттеу, лабораториялық жұмыстарға жұмсалатын қымбат металдар шығыны актілер негізінде әрбір технологиялық процестер мен бұйымдар бойынша бөлек және жалпы нақты шығындар мен жинақталған шығыстар мен қалдықтар көрсетіліп, комиссиялық тұрғыда жасалып, басшы бекітетін актімен хатталады.

50. Қымбат металдар мен асыл тастарды нақты шығындарын айқындамай нормалар бойынша есептен шығаруға болмайды, бұл құжатпен (өлшеу актілерімен, көлемдерін өлшеумен, химиялық талдау деректерімен және өзгелерімен) расталуға тиісті.

51. Тозу деңгейіне қарамастан, құрал-саймандар, жабдықтар, бөлшектер құрамындағы өлшеуге келмейтін қымбат металдар, асыл тастар осы бұйымдарға берілген төлқұжаттарда, техникалық шарттарда немесе басқа бастапқы құжаттарда көрсетілген өздерінің бастапқы салмағы бойынша ескеріледі. Оларды шығынға шығару толық жарамсыз болған кезде шығынды шығару актісін жасау арқылы жүргізіледі, онда есепке алу деректері бойынша сынық пен қалдық күйінде кіріске алынуға тиіс қымбат металдардың массасы көрсетіледі.

52. Сақтау орындарынан қымбат металдар мен асыл тастар жұмыс атқарушыларға есеп беру талабымен ғана беріледі. Есеп беруші адамдардан есептен шығару - қымбат металдар мен асыл тастардан жасалған бөлшектерді, бұйымдарды, қалдықтарды, шикізат, жартылай шикізат және қалдық, тозған,

мұқалған, сынған құрал-сайман және өзгелер түрінде сақтау орындарына тапсырғаннан кейін жүзеге асырылады.

53. Кәсіпорын бухгалтериясының қызметкерлері тексерілетін құжаттардағы жазулардың дұрыс-бұрыстығын өз қолдарымен растай отырып, өндірістік қайта жасауда және сақтау орындарында қымбат металдар мен асыл тастарға жедел есеп жүргізудің дұрыстығына мезгіл-мезгіл, бірақ айына кемінде бір рет болса да тексеру жүргізіп отыруға міндетті. Қойма есебін жүргізудің дұрыстығы апта сайын тексеріліп, ол қымбат металдар мен асыл тастарды есепке алып отырумен айналысатын тиісті материалдық жауапты адамдардың қатысуымен жүзеге асырылады.

54. Қымбат металдар мен асыл тастарды дұрыс және анық бухгалтерлік, жедел есеп алуды қамтамасыз ету және дұрыс және дер кезінде түгендеу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес қымбат металдар мен асыл тастар пайдаланылатын кәсіпорын басшыларына, бас есепшілеріне және бөлімше басшыларына жүктеледі.

VI. Қымбат металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды түгендеу

55. Қымбат металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды түгендеу - мекен-жайлар мен құралдар толық тазартылған жағдайда олардың барлық түрлері мен орындарында, аффинаждық зауыттарда, пайдалану кәсіпорындарында, сондай-ақ қымбат металдар мен асыл тастарды жинайтын және олардың қалдықтары мен сынықтарын өңдейтін кәсіпорындарда жылына екі рет: 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша:

қымбат металдар мен асыл тастар бос немесе оңай алынатын күйде кездесетін зергерлік, гальваникалық өндірістерде - ай сайын;

құрамында қымбат металдар бар шикізаттарды жолай пайдаланып-өңдейтін, аяқталмаған өндірістің қалдықтарын ай сайын жедел шығаратын, түгендеу 1 қаңтарға толық тазартылып жеткізілетін кәсіпорындарда;

қымбат металдар мен асыл тастарды аспаптарда, жабдықтар мен басқа да бұйымдардың құрамында пайдаланатын кәсіпорындарда "Бухгалтерлік есеп және баланс туралы Ережемен" бекітілген мерзімдерде оларды түгендеу - осы материалдық құндылықтармен түгендеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Түгендеу саны министрліктер, ведомстволар, бірлестіктер, кәсіпорындар басшыларының қалауы бойынша көбейтілуі мүмкін.

Жоспарсыз түгендеулер бақылау органдарының талабымен жүргізілуі мүмкін.

Материалдық жауапты адам ауысқанда істі қабылдау-өткізу күні, табиғат

апатынан, өрттен және басқаларынан кейін және ұрлану фактісі анықталғанда қымбат металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды міндетті түрде түгендеу керек.

Есепті кезең ішінде қандай да болмасын құндылықтар ертерек жоспардан тыс тексеруге алынған, жоспарсыз түгендеулер мен тексерулер жүргізілген, күтпеген жайлар, туындауға байланысты жағдайда да түгендеу белгіленген мерзімдерде өткізіледі.

Кәсіпорынға тиесілі емес құндылықтар да (бұған дейін есептелмеген, сондай-ақ қайта өңдеу үшін алынып, жауапкершілікпен сақтауда жатқан) түгенделуге жатады.

56. Түгендеу жүргізу үшін бас (аға) есепшінің не оның өкілетті адамның міндетті түрде қатысуымен кәсіпорын басшысының немесе оның орынбасарының бұйрығымен кәсіпорын қызметкерлерінің ішінен комиссия құрылады. Осы бұйрықпен түгендеудің тәртібі, басталу және аяқталу мерзімі, оның нәтижелерін есеп деректерімен салыстыру және оларды есепке алу мен есеп беруде көрсету реті белгіленеді.

Есебінде түгенделетін құндылықтар бар материалдық жауапты адамдар түгендеу комиссиясының құрамына енгізілмейді. Жұмыс көлемінің көп болуы себепті бір түгендеу комиссиясы жеткіліксіз болатын кәсіпорындарда орталық түгендеу комиссиясы мен жергілікті комиссия тағайындалып, оларға жекелеген бөлімшелерде түгендеу жүргізу жүктеледі. Жергілікті комиссиялардың құрамына міндетті түрде кәсіпорын бухгалтериясының қызметкерлері енгізіледі. Жергілікті комиссиялардың жұмысын орталық комиссия ұйымдастырады және бақылайды.

57. Түгендеу басталғанға дейін құндылықтар сақталатын және өңделетін жерлердегі өндірістік үй-жайлар мен технологиялық жабдықтар толық тазартылады, кіріс пен шығыс бойынша барлық құжаттарды өңдеу аяқталады, есепке алу құжаттарында тиісті жазулар жазылады, түгендеу күніндегі есептік қалдықтар тіркеледі.

Материалдық жауапты адамдардан құндылықтардың кірісіне немесе шығысына қатысты барлық құжаттардың бухгалтерияға тапсырылғаны және оларда кіріске алынбай яки шығысқа шығарылмай қалған ешқандай құндылықтардың жоқ екені туралы белгіленген нысанмен жазылған қолхат алынады.

58. Түгендеудің бір күнде аяқталуы мүмкін болмайтын жағдайда оны ерте бастап, 1 күн кейін аяқтауға болады. Мұндай кездері нәтижелер 1 күн жағдайы бойынша үйлестірілуге тиіс. Егер түгендеу бір күнде аяқталмаса, үй-жай материалдық жауапты адамның және комиссия төрағасының мөрлері басылып, жабылады.

59. Қымбат металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды

түгендеу - осы құндылықтар қолында сақталатын материалдық жауапты адамдардың қатысуымен табиғи күйіндегі қалдықтар бойынша есеп құжаттарының деректерімен салыстыру арқылы жүргізіледі.

Қымбат металдардың, асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың бар-жоғы - белгіленген өлшем бірліктерін басшылыққа ала отырып, салмақтап өлшеу, есептеу, көлемін өлшеу және басқа жолдармен анықталады, бұл орайда түгендеу тізілімдерінде түгенделіп отырған құндылықтардың барлық реквизиттары: түрі, атауы, көлемі және т.б. көрсетіледі. Өлшеу басталмай тұрып метрологиялық қызмет таразылардың тұрақтылығы мен сезімталдығы тексеріліп, оның нәтижесін тиісті журналға жазып қояды.

Толық жасалып болмаған бөлшектер мен бұйымдардың құрамында кездесетін және өлшенуі қиын қымбат металдардың, асыл тастардың массасы есепке алу деректері бойынша немесе бөлшекті (бұйымды) жасауға жұмсалатын нормалар бойынша олардың дайын болу күйін ескере отырып анықталады.

Түгендеу сәтінде табиғи күйінде тексеру мүмкін емес жабдықтар мен бұйымдардың құрамында қымбат металдар мен асыл тастардың бар-жоғы есепке алу немесе техникалық құжаттар бойынша анықталады.

Түгендеу кезінде бұзылудан сақтайтын мөрленген арнаулы ыдыста сақтаулы тұрған тұздарда, қышқылдарда, ерітінділерде қымбат металдардың бар-жоғы да есепке алу, техникалық құжаттамалардың яки өнім жіберуші құжаттардың негізінде анықталып, түгендеу тізіліміне жазылады.

Басқа кәсіпорындарға өңдеуге берілген немесе жолда келе жатқан, бірақ кәсіпорынның есебінде тұрған қымбат металдар, асыл тастар немесе олардан жасалған бұйымдар құжаттар бойынша тексеріледі.

Түгендеу кезінде келіп түсетін құндылықтар комиссияның қатысуымен қабылданып, бөлек тізілімге жазылады.

Түгендеу өткізу сәтінде ашылмай жатқан қымбат заттар салынған сәлемдемелер болса, олар ашылуға тиіс, оларда құндылықтардың бар-жоғы комиссияның қатысуымен саны мен салмағы бойынша тексеріліп, бөлек тізімге ж а з ы л а д ы .

Басқа кәсіпорындарға тиесілі құндылықтар да бөлек түгендеу тізіліміне ж а з ы л а д ы .

60. Түгендеу деректері аталған құндылықтардың орналасу немесе сақталу орындары және олардың сақталуына жауапты адамдар бойынша бөлек жасалған салыстыру ведомстволарында - түгендеу тізілімдерінде көрсетілуге тиіс.

61. Түгендеу аяқталған соң тиісті түрде хатталған түгендеу актілері, түгендеу тізілімдері - салыстыру ведомостары түгендеу нәтижелерін анықтап, есепке алу құжатында көрсету үшін бухгалтерияға тапсырылады. Ведомостарды хаттау және тексеру барысында табылған қателер түзетіліп, тиісті түгендеу

комиссияларының барлық мүшелері мен материалдық жауапты адамның қол қ о ю ы м е н р а с т а л у ғ а т и і с .

Кәсіпорынға тиесілі емес құндылықтар бойынша түгендеудің нәтижелері түгендеу тізілімінің көшірмесі тіркеліп, олардың иелеріне хабарланады.

62. Түгендеу комиссиясы барлық кем-кетіктер, шығындар, қалдықтар бойынша тиісті қызметкерлерден жазбаша түсініктеме алуға тиіс. Түгендеу комиссиясы тапсырылған түсініктемелер мен материалдар негізінде бухгалтерлік есеп деректерінен ауытқушылық себептерін анықтап, оларды реттеу жөніндегі өз байламдары мен ұсыныстарын енгізеді, олар кәсіпорын басшысы бекітетін актіде т і р к е л е д і .

63. Түгендеу нәтижелері ол аяқталғаннан кейін он күн ішінде есепте кө р с е т і л у ғ е т и і с .

Нақты және есепке алу деректері арасында анықталған ауытқушылықтар мына т ә р т і п п е н р е т т е л е д і :

а) қымбат металдардың, асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың артық қалдықтары кіріске алынып, кейіннен олардың пайда болу себептері а н ы қ т а л у ғ а т и і с ;

б) өнім жасау кезінде және лабораториялық ыдыстың және алмас аспабының тозуына байланысты пайда болған, шығындардың бекітілген нормалары көлеміндегі, қымбат металдардың, асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың кем-кетігі өндіріс шығыны ретінде есептен шығарылады;

в) шығындардың бекітілмеген нормалары болмаған жағдайда, қымбат металдардың, асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың кем-кетігі жекелеген жағдайларда нормалар бекітілмеуі мүмкін ғылыми-зерттеу, тәжірибе және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі шығындардан басқа, нормадан тыс шығындар р е т і н д е қ а р а с т ы р ы л а д ы ;

г) қайта сорттау нәтижесінде болатын артық және кем өнімдердің өзара есебін алуға ерекшелік ретінде бір ғана атаудағы құндылықтарға қатысты, бір ғана тексерілген кезеңге, тексеріліп отырған бір адамға ғана байланысты жол б е р і л у і м ү м к і н .

Қайта сорттаудан болатын артық және кем қымбат металдар мен асыл тастарды есепке алғанда олардың жетіспейтін мөлшері артық өнімдерден көп болған жағдайда айырмасы кінәлі адамдардың мойнына жазылуға тиіс;

д) қымбат металдардың, асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың кем-кетігі және қалыптан тыс шығындары өнеркәсіп өнімдерін, зергерлік, тіс салу және басқа бұйымдар өндіру шығындары, сондай-ақ шығын нормалары бекітілген ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстар жүргізуге жұмсалды деп есептен шығарылмауға тиіс. Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың басшылары осы шығындар мен кем-кетіктің себептерін анықтайды,

ал осы шығындар мен кем-кетікке кінәлі адамдар белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылады;

е) қымбат металдар мен асыл тастардың кем-кетігі мен қалыптан тыс шығындарына нақты кінәлі адамдар анықталмаған жағдайда "Бухгалтерлік есеп беру және баланс туралы ережеде" көзделген тәртіппен өндіріс пен айналым шығындары ретінде баланстан алынып тасталуы мүмкін.

VII. Қазақстан Республикасының заңдарын, қымбат металдармен және асыл тастармен жасалатын операциялар туралы нормативтік актілерді бұзғаны үшін жауапкершілік

64. Қымбат металдардың, асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың ұрлануына, жетіспеуіне, мөлшерден тыс шығынға ұшырауына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, материалдық және тәртіпке шақыру тұрғысында жауапқа т а р т ы л а д ы .

65. Тиісті лицензиясыз немесе лицензия шарттарын сақтамай, мемлекеттік монополияны бұза отырып, қымбат металдар мен асыл тастарды сатып алу және сату жөніндегі келісім-шарттарды қоса алғанда, олармен операциялар жасаушы заңды ұйымдар мен жеке адамдарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

66. Кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда және өзге заңды ұйымдарда (меншік түрі мен ведомстволық бағыныстығына қарамастан) бақылаушы мемлекеттік органдардың тексерулерімен және ревизияларымен анықталған қымбат металдар мен асыл тастардың барлық түрлерінің артық мөлшері олардың пайда болуының себептері анықталғаннан кейін тиісті шаруашылық жүргізуші субъектілердің баланстарынан шығарылады.

Артық мөлшердің пайда болуында заңды бұзғаны немесе әдейі осылай жасаған не болмаса дер кезінде есептен шығармаған кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

67. Қымбат металдардың, асыл тастардың және құрамында осылар бар материалдардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес тиісті кәсіпорындардың, ұйымдардың және олардың бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

68. Кәсіпорындардың, ұйымдардың басшылары қымбат металдардың, асыл тастардың режимі мен сақталуының жәй-күйіне жүйелі түрде, жарты жылда бір реттен кем емес тәртіппен талдау жасап отыруға және жыл сайын қымбат металдардың, асыл тастардың және құрамында осылар бар материалдарды

өндірудің, қайта өңдеудің, сақтаудың және тасымалдаудың барлық кезеңдерінде аман сақталуын қамтамасыз ету жөнінде жергілікті ішкі істер органдарымен бірлескен іс-шаралар кешенін әзірлеуге міндетті.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың басшылары қымбат металдардың немесе асыл тастардың ұрлануы, жетіспеу фактілері яки қалыптан тыс шығындары туралы аумақтық ішкі істер органдарына тез арада хабарлап, тиісті тексерулер жүргізуде оларға қажетті көмек көрсетуге міндетті.

VIII. Тартып алынған қымбат металдар мен асыл тастарды пайдалану тәртібі

69. Ішкі істер органдары талан-таражаға салушылардан тартып алған қымбат металдардың құймалары, қорытпалары, ұнтақтары, ерітінділері, дайындамалары, тұздары, шикізаттары және өңделген түрдегі асыл тастар "Алтын қоры және алмас қоры туралы" Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасына өткізілуге тиіс.

Тартып алынған құрамында қымбат металдар мен асыл тастар бар шикізаттар, материалдар, аралық өнімдер, сынықтар мен қалдықтар жақын маңдағы аффинаж зауытына немесе тиісті саланың қайта өңдеу кәсіпорынына өткізілуге тиіс.

Ұрлау фактілері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тексеру жүргізіледі.